**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**2025 жылғы 04 сәуірдегі Гранттық, коммерцияландыру және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларына қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша №068 Бұйрыққа сәйкес бекітілген Комиссия отырысының**

**№ 10 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы, 8 тамыз 2025 ж.
Б.Саттарханов даңғылы 29В, 201 кабинет сағат: 15.00

**Қатысқандар:**

**Төраға: А. Ошибаева** – Комиссия төрағасы, Ғылым және стратегиялық даму жөніндегі вице-ректор

**Төраға орынбасары:** М.Гиритлиоглу – Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры

**Комиссия мүшелері:** Х.Масадиков – Ғылым департаментінің директоры, А.Исаков – Коммерцияландыру офисінің директоры, Б.Дерели – Сатып алу бөлімінің маманы, Е.Тұрсынбек – Бағдарламамен қамтамасыз етудегі инновациялар бөлімінің меңгерушісі, Л. Пирметова – Заң бөлімінің заңгері, М.Мұсабек – бухгалтер.

**Қатыспағандар:** М.Қырықбаев – Тәуекел менеджері (алдын ала жоспарланған қызметтік жұмысқа байланысты), Л. Пирметова – Заң бөлімінің заңгері (денсаулығына байланысты)

**Комиссияның хатшысы:** А.Өмірбек – Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе бөлімінің жетекші маманы.

**Күн тәртібінде:**

1. 2025 жылғы 6 тамыз күні E-Labs жүйесінде жарияланған хабарландыруға сәйкес, келіп түскен коммерциялық ұсыныстарға жасалған талдауды (1 қосымша) қарау;
2. Хабарландыруға жарияланған тауар бойынша жеткізушілерден келіп түскен коммерциялық ұсыныстардың техникалық сипаттамаға, бағаға сәйкестігін қарастырып шешім шығару, келісім-шарт талаптарын келісу.

**Бірінші мәселе бойынша тыңдалып, қаралды:**

2025 жылғы 6 тамызда E-Labs жүйесінде 1 (бір) лот жарияланды, жарияланған хабарландыру талаптарына сәйкес келіп түскен коммерциялық ұсыныс комиссия тарапынан жан-жақты қаралды.

**Екінші мәселе бойынша тыңдалып, қаралды:**

Комиссия мүшелері техникалық және қаржылық талаптарға толықтай сәйкес келетін коммерциялық ұсынысты қарастырып, сараптама жүргізді.

Сараптама нәтижесінде сатып алу талаптарына толығымен сәйкес келетін ұсыныс екені анықталды. Атап айтқанда, 1 лот бойынша ұсынылған тауар мен көрсетілетін қызметтің техникалық сипаттамасы, белгіленген шекті бағасы мен сатып алу құжаттамасында көзделген талаптармен толық сәйкес келетіні расталды.

Осыған орай, төменде көрсетілген 1 лот бойынша ұсыныс сатып алу талаптарына сәйкес деп танылып, жеткізушімен шарт жасасу үшін ұсынылатын болды.

Комиссия төрағасы А. Ошибаева, BR24992814 «Оңтүстік Қазақстан өңірінің тұрақты дамуы үшін инновациялық технологияларды дамыту және заманауи инфрақұрылымды құру» жобасының жетекшісі ретінде осы жобаға қатысты ұсыныстарды қарау және дауыс беру процесіне қатысуға құқығы жоқ екенін атап өтті. Осыған байланысты, Ереженің талаптарына сәйкес, аталған жоба шеңберіндегі коммерциялық ұсыныстарды қарау және шешім қабылдау өкілеттігі комиссия

төрағасының орынбасары М.Гиритлиоглуға жүктелді. Осы негізде комиссия отырысы өз жұмысын жалғастырды:

1. 1-лот – «"Клиникалық медицинадағы Big Data" зертханасының серверлік бөлмесін жабдықтау» (1 дана) бойынша ЖШС «X NET» (жоба жетекшісі: А.Ошибаева) тарапынан ұсынылған 115 742 486 теңге сомасындағы коммерциялық ұсыныс сатып алу талаптарына сәйкес деп танылды. Төлем шарттары: шарт сомасының 30%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды, сонымен қатар, сатып алу құны 4000 АЕК-тен асуына байланысты, жеткізушілерден алдын ала төлем сомасына баламалы мөлшерде екінші деңгейлі банктік кепілдеме немесе жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты талап етіледі.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 26 қарашадағы №538 бұйрығының 1-бөлімінің 22-тармағына сәйкес, құны он мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын жабдықтарды сатып алу бойынша конкурс бір ғана әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысып, белгіленген соңғы күнге дейін бағалық ұсынысын ұсынған жағдайда өткізілді деп танылады.

Осыған байланысты, аталған лот бойынша ұсыныс сатып алу талаптарына сәйкес деп қабылданды.

## ШЕШІМ:

1. Ғылыми жобалар бойынша тауар, қызмет және жұмыс сатып алу мақсатында E-Labs жүйесінде жарияланған 1-ші лоттың коммерциялық ұсынысы қаралып, техникалық сипаттамасы мен қаржылық бағасы сатып алу шарттарына сәйкес тексерілді. Тексеру нәтижесі 1-қосымшада көрсетілген.
2. Комиссия мүшелері хабарландыру негізінде ұсынылған лоттың техникалық талап пен баға көрсеткішіне сәйкестігін зерделеп, талаптарға толық сәйкес келген 1-ші лот бойынша ұсынысты қабылдады. Комиссия отырыс өткен соң, 5 жұмыс күн ішінде келісім-шарт түзілсін.

**Комиссия төрағасы** **А. Ошибаева**

**Комиссия төрағасының орынбасары:** **М.Гиритлиоглу**

**Комиссия мүшелері:**

Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков

Коммерцияландыру офисінің директоры А.Исаков

Сатып алу бөлімінің маманы Б.Дерели

Бағдарламамен қамтамасыз етудегі инновациялар бөлімінің меңгерушісі Е.Тұрсынбек

Бухгалтер М.Мұсабек

Хатшы А.Өмірбек

1 қосымша

| e-Labs жүйесіндегі хабарландыруға байланысты ресми поштаға келіп түскен коммерциялық ұсыныс | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Клиникалық медицинадағы Big Data" зертханасының серверлік бөлмесін жабдықтау | 1 дана | 130 688 071 | А.Ошибаева | ЖШС «X NET»<br><br>115 742 486 | Сәйкес | Хабарландыруға шыққан техникалық сипаттамада төлем шарты жалпы сомасының 50%-на жетуі мүмкін, ҚҰ-та төлем шарты келісімшартқа қол қойылатын кезде айқындалатыны көрсетілген. |

Хатшы А.Өмірбек